

Құрылыс кәсіпорындарында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру



- Лекция 5

Қарастырылатын сұрақтар:

- Құрылыс өндірісіндегі бухгалтерлік есептің міндеттері
- Құрылыста келісім-шарт жасасқан кезде шоттар корреспонденциясы
- Құрылыс өндірісінің ақаулары

1 Құрылыс өндірісіндегі бухгалтерлік есептің міндеттері

1) пайдаланылған материалдық ресурстарды, жұмысшылардың еңбек шығынын, құрылыс машиналары мен техникаларының қызметтерін дер кезінде, дұрыс және толық құжаттау, құжат айналымының сызбасына сәйкес мәліметтерді уақытында есепте көрсету үшін құжаттарды есеп бөліміне тапсыру;

2) құрылыс-монтаж жұмыстарына жұмсалған шығындарды құрылыс объектілеріне байланысты калькуляция баптары бойынша дұрыс және уақытында көрсету;

3) материалдық, еңбек және қаржылық ресурстардың нормаларының сақталуын бақылау, нақты шығындардың нормадан ауытқуларын және оларды болашақта болдырмау үшін себептерін анықтау;

4) бригаданың, бөлімшелердің және учаскелердің қызмет нәтижелері мен өнімнің өзіндік құндарын төмендету резервтерін анықтау және олардың есебін ұйымдастыру;

5) қаржылық, статистикалық есептерді құру үшін және өндірісті талдау мен бақылау үшін мәліметтерді қалыптастыру

- Түбегейлі құрылыс материалдық өндірістің спецификалық базасын құрайды және жаңа негізгі қорларды құрумен, реконструкциялану, модернизациялаумен және жұмыс істеуші объектілерді түбегейлі жөндеумен айналысады.
- Кәсіпорын құрылыстық-монтаждық жұмысты өз күштерімен немесе бұл шараға келісім-шарт негізінде мамандандырылған құрылыстық ұйымдарды қатыстыру арқылы жүзеге асырады. Құрылыстық ұйымдарды қатыстыру арқылы жүзеге асыруда капитал салушы кәсіпорын тапсырыс беруші рөлінде, а құрылыстық ұйым – тапсырыс алушы рөлінде белгіленеді.
- Келісім-шарт бойынша мердігер барлық көрсетілген жұмысты орындауға міндеттенеді, ол орындалған жұмыс сапаның және нық атқару мезгілдерінің орындалуына жауаптылық алады. Қабылданған міндеттемелердің орындалмаған жағдайында тапсырыс беруші сияқты, дәл осылай және мердігерлік ұйым өзара заттық жауаптылықты алып жүреді.



2 Құрылыста келісім-шарт жасасқан кезде шоттар корреспонденциясы

Тапсырыс берушінің кәсіпорынында

Мазмұны	Шот корреспонденциясы	
	Дебет	кредит
Тапсырыс берушінің кәсіпорынында		
1. Акт бойынша қабылданған құрылыс-монтаждық жұмыстар		
- объект құрылыс жұмысының төлеуге қабылданған бағасы	2930	3310
- қосылған құн салығының бағасына	2930	3310
2. Аяқталған құрылысты қабылдау акті және бойынша эксплуатацияға берілген, аяқталмаған құрылыс объект негізгі құралдар қатарына қосады	2410	2930
3. Мердігерге орындалған жұмыс бағасы төленді	3310	1030

Мердігер кәсіпорынында

Мазмұны	Шот корреспонденциясы	
	Дебет	кредит
Мердігер кәсіпорынында		
1. Есептік кезеңде тапсырыс беруші жұмысын орындауға кеткен нақты шығындар:		
- жұмысты орындаудағы материалдық шығындар	8110	1310, 1350
- өндірістік жұмысшылар еңбекақысы шығындары	8110	3350
- өндірістік жұмысшылар еңбекақысынан аударымдар	8110	3150
-үстеме шығындары	8110	8310
2. Қол қойылған акт негізінде орындалған жұмыс бойынша тапсырыс берушіге сомасына шот табыс етілді	1210	6010
- қосылған құн салығы сомасына	1210	3130
- орындалған жұмыстың нақты өзіндік құны есептен шығарылады	7010	8110
3. Аяқталған құрылысты-монтажды жұмыстың тапсырыс берушімен төленуі	1030	1210

Тапсырысшы мен мердігер арасындағы арақатынастар сызбасы (1) мен есебі




Операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
1. Есептік кезең ішінде тапсырысшы тапсырмасы бойынша жұмыстардың орындалуына тіркелген шығындар жинақталған		
- Жұмыстардың орындалуына материалдық шығындар	8110	1310,135
- Өндірістік қызметкерлердің еңбекақы шығындары	8110	3350
- Еңбекақыдан аударымдар	8110	3150
- Үстеме шығындарды есептен шығару	8110	8410
- Шығындардың жалпы көлеміне	8110	8111-8115
2. Қол қойылған акт негізінде орындалған жұмыстардың көлеміне тапсырысшыға шот қойылды		
- Орындалған жұмыстардың келісілген құнына	1210	6010
- ҚҚС сомасына	1210	3130
- Орындалған жұмыстардың тіркелген өзіндік құны есептен шығарылды	7010	8110
3. Орындалған жұмыстардың құны тапсырысшымен төленді	1010, 1030	1210

Тапсырысшы мен мердігер арасындағы ұсынылған арақатынастар сызбасы (2) мен есебі



Операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
1 Есептік мерзім ішінде шығындардың жалпы құнына жұмысты орындауға кеткен барлық нақты шығындар	8110	8111-8115
2 Келісілген акт негізінде орындалған жұмыстар көлеміне бас мердігерге шот қойылды		
- орындалған субмердігерлік жұмыстардың келісілген құнына	1210	6010
- ҚҚС сомасына	1210	3130
- орындалған жұмыстардың нақты өзіндік құны есептен шығарылды	7010	8110
3 Орындалған субмердігерлік жұмыстардың құны бас мердігермен төленді	1010,1030	1210

Тапсырысшы мен «Беркут- Мика» ЖШС-нің арасындағы ұсынылған арақатынастар сызбасы (3) мен есебі



Операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
1 Келісілген акт негізінде тапсырысшының шоты қойылды:		
- орындалған жұмыстардың келісілген құнына	1210	6010
- ҚҚС сомасына	1210	3130
2 Орындалған субмердігерлік жұмыстардың құны тапсырысшымен төленді.	1010-1060	1210

Бас мердігер субмердігерлік ұйымдардың орындау жұмыстарын тартады, және олардың әрқайсысымен келісім-шарттықа отырады. Тапсырыс берушінің алдында орындалған жұмыстың сапасы бойынша бас мердігер жауапты болады.

Көрсетілген сызбада мердігер және тапсырыс беруші арасындағы қарым-қатынас көрсетілген, мердігер бұл жағдайда бас мердігер болып табылып, субмердігер жауаптылық атқарудың тиісті міндеттемелердің орындалмауына тапсырыс берушімен алдында міндеттенеді .

Орындалған құрылыс - монтаждық жұмыстар бойынша шоттарды субмердігер тікелей тапсырыс берушіге ұсынады. Бас мердігер тек қана өз сый ақы беру сомасына тапсырыс берушіге немесе субмердігерлікке шоттар шығарып қояды (келісім-шарт шартының тәуелділігінде).

Келісілген қатынастан басқа, ұйымдық- технологиялық ерекшілік
құрауда негізгі өнім әсер ететін – ғимарат құрылыстар, оларға
жататындар:



Объектілердің стационарлық
немесе кеңістік қозғалмайтын
құрылысы



Архитектуралы - конструктивті
күрделілігі, әр түрлі және
күрделі конструктивті
элементтердің жиындары .



Әр алуандық, индивидуалистік
пен шақырылған және ұсақ
сериалы-құрылыстық өнім.

- Құрылыс өнімдерінің жоғарыда көрсетілген ерекшеліктері технология және өндіріс жағдайларына үлкен әсерін тигізеді. Бұл өз кезегінде құрылыс кәсіпорындарында жүргізілетін өндірістік есеп жүйесінің экономика саласының басқа кәсіпорындарында жүргізілетін есеп жүйесінен басты айырмашылығын айқындайды.
- Құрылыс жұмыстарын жүргізу спецификасы құрылымдардың бой көтеру кезінде, реконструкциялануы және негізгі өндірістік қорлардың кеңеуі кезінде қолданылатын еңбек түрінің алуандылығында және де ғимараттардың, құрылымдардың бой көтеруі, жаңарту, реконструкцияландыру, сондай-ақ іс-әрекеттегі құрылымдарды кеңейту кезіндегі табиғи климаттық жағдайлар.
- Сонымен қатар құрылыс объектілерінің территориялық ерекшелігі құрылыстық кәсіпорындардың шапшаңдығының, бөлімдерінің мобильділігінің негізгі өндірістік қорларының, материалдық мүліктерінің және құрылыс алаңдары әр түрлі жерлердегі еңбек ресурстарының эксплуатация мен тұтынуының негізгі себепкері.

- Құрылыс өндірісінде құрылыс механикаландыру басқаруындағы машиналарын және құрылғыларын жалға алу кең ауқымда жүргізілуде.
- Экономиканың басқа да салаларындағы кәсіп орындарында сияқты құрылыстық ұйымдары да түрлі өнім шығаратын көмекші өндіріске ие, ал негізгі өндірістік қызмет болып құрылыс табылады.
- Көмекші өндіріс шығындарының есебі және өнімдердің өзіндік құнын калькуляциялау, экономиканың басқа да салаларындағы бөлімшелеріндегідей жүзеге асырылады, ал негізгі өндірістік шығындардың есебін өндірістің технологиялық ерекшеліктеріне сәйкес және сметалық құжат мәліметтері арқылы жүзеге асырылады.
- Әдетте, сметалық есептілікті құруда келесідегідей шығын бөлімшелерін ерекшелейді: «материалдар», «Негізгі еңбек ақы», «Басқа да шығындар», «Үстеме шығындар». Мұнда алдыңғы төрт бөлім құрылыстық-монтаждық жұмысты жүзеге асырудағы тікелей шығындар деп танылады.

Құрылыс өндірісінің ақаулары

- Құрылыс өндірісінде де басқа өндірістегідей ақау кездесуі мүмкін.
- Құрылыстық өндірісте негізінен ақау екі түрге топтастырылады:
- Құрылыстық материалдар және конструкциялар мен бөлшектер ақауы
- Құрылысты-монтаждық жұмыстар нәтижесінде пайда болған ақаулар
- Құрылыстық материалдар және конструкциялар мен бөлшектерді ақау өнім деп материалдар мен бұйымдарды негізгі өндіріс кезінде салалық стандартқа сай келмейтін немесе олардың дефектік жобалық құжаттарының жағдайында жүзеге асырылатын болса, онда ол ақау өнімі ақау өнімі болып табылады. Дұрыс маркіленбеген және ақау құрылыс материалдары, олардың жарамсыздығы жабдықтаушыдан алғаш кезде немесе құрылыс алаңында жұмыстар жүргізілгенге дейін анықталған ақау, ақауларға жатпайды.
- Құрылыс-монтажды жұмыстар жүргізу барысында пайда болған ақау деп жоба талаптарына сапа жағынан сәйкес келмейтін жұмыстар СНиП, техникалық жағдайлармен, өндірістік технологияға сай келмей жасалған жұмыстар нәтижесінде көп жылға пайдаланушылық қасиетін қамтамасыз етпейтін алдын-ала тұрғызған бөліктері мен объектілерінің конструкциясының бүлінуі, сапасыз жобалық құжат бойынша орындалмаған жұмыс.